



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Жаңа Заңға қол қойды

Президент «Заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілерін жасау және қолдану жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасап.

Заңның негізгі мақсаты сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және ынтымақтастықтың өзге де салаларындағы техникалық кедергілерді жою, мемлекеттің заттар мен

материалдардың стандартты үлгілеріне қажеттілігін қамтамасыз ету болып табылады. Келісім, сондай-ақ, өлшеулерді метрологиялық қамтамасыз ету, заттар мен материалдарды сынау, өлшем құралдарын калибрлеу, салыстырып тексеру, аттестаттау үшін стандарттарға, келісімдерге немесе шарттарға енгізу жолымен экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықта мемлекетаралық стандарттық үлгілерді қолдануды регламенттейді.

Заңның толық мәтіні баспасөзде жарияланатын болады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Қасым-Жомарт Тоқаев Nur Otan партиясының кезектен тыс XXI съезіне бейнебайланыс режимінде қатысты. Сондай-ақ жиынға Тұңғыш Президент – Елбасы, Президент Әкімшілігінің басшылығы, партияның Саяси кеңесінің мүшелері қатысты. Отырысты партия Төрағасының бірінші орынбасары жүргізді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзінен және дауыс беру рәсімінен кейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты Nur Otan партиясының Төрағалығына сайлау туралы Съезд қаулысы қабылданды. Содан кейін Мемлекет басшысы жиынға қатысушылар алдында сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев партияның жаңа көшбасшысы ретінде сөйлеген сөзінде партияны басқаруға ұсыныс жасағаны және қолдау



Президент «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XXI съезіне қатысты

көрсеткені үшін ризашылығын білдіріп, Nur Otan партиясына төрағалық ету аса жауапты жұмыс екенін атап өтті. Мемлекет басшысы қоғамдық құндылықтар жүйесіне, саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларға түбегейлі өзгеріс енгізу қажет екеніне назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Елбасының жеке басына қатысты ел ішінде тарап жатқан түрлі жағымсыз әңгімелерге түсіндірме берді. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы өз сөзінде «қасіретті қаңтар» оқиғасының Тәуелсіздік алған жылдардағы ең ауыр сынақ болғанын атап өтті. Президент қоғамның кемелдігі мен мемлекеттің күш-қуатын сынап көруге арналған емтиханды сәтті тапсырғанымызды айтты. Осы ретте Президент бұл оқиғалардың барлық себеп-салдарын терең талдап, тиісті сабақ алу қажет деп санайды. «Еліміз дамудың өте күрделі кезеңіне аяқ басқанын түсіне отырып, Nur Otan партиясын басқару ұсынысын ризашылықпен қабылдаймын. Бұл шешім партияны трансформациялау және бүкіл қоғамды ұйыстыру жұмыстарына кірісуге дайындықты білдіреді. Осы ретте мен Мемлекет басшысы ретінде ашық және әділ саяси бәсекелестік болатынына кепілдік беремін. Менің конституциялық міндетім – барлық билік тармағының келісілген іс-әрекетін және мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету. Әрине, бұл жағдайлар Президенттің кез

келген партия мен қозғалыстардың қызметінен белгілі бір дәрежеде алшақтауын талап етеді. Сондықтан біраз уақыттан кейін, бәлкім осы жылдың ішінде, «Nur Otan» партиясына одан әрі төрағалық етуімнің орындылығы туралы мәселеге қайта ораламыз. Мемлекет басшысының тең қашықтықтағы мәртебесі саяси реформалардың ауқымды топтамасында біржола бекітілуі керек», деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент елімізді жан-жақты жаңғырту үшін ұсынылған ауқымды мәселені еске салды. Оның пікірінше, Nur Otan реформаларды жүзеге асыруға белсене атсалысуға, Қазақстанды қарқынды түрде қайта құрудың және жаңартудың негізгі қозғаушы күші ретінде әрекет етуге тиіс. Бұл үшін «Nur Otan» өзін-өзі жаңартуы керек. Партияның бүкіл жұмысын сөз жүзінде ғана емес, түбегейлі қайта құру қажет, деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы партия мүшелерін төмендегі басымдықтарға баса мән беруге шақырды. Президент партия ішіндегі ынтымақты нығайтуды, қоғамдағы барлық конструктивті күшті біріктіруді бірінші міндет ретінде атады. Оның айтуынша, Жаңа Қазақстанды құру үшін ауызбіршіліктің, серіктестіктің, нық ұстаным мен болашаққа сенімнің маңызы зор. Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, партия мемлекеттік органдардың жұмысын қайталамауы керек. Президент Nur Otan партиясы негізінен идеологиялық және кадрлық жұмыстармен

айналысып, қажет жағдайда мемлекеттік аппараттың жұмысына жол сілтеп отыруы керек екеніне назар аударды. «Партияның өміршеңдігі сайлауалды уәделердің қаншалықты орындалатынына байланысты екенін түсіну керек. Менің ойымша, шындыққа жанаспайтын және орындамайтын уәде бермеген абзал. «Арық айтып, семіз шыққан» жөн. Ақиқатқа тура қарау қажет. Сондықтан партия Үкіметпен және әкімдіктермен бірлесе отырып, сайлау алдындағы уәделердің орындалуын түбегейлі қадағалауы керек», деді Мемлекет басшысы. Бұдан бөлек, Президент партияның ұйымдық құрылымын қайта қарауды, атап айтқанда, бірінші орынбасар лауазымын атқарушы хатшы қызметімен алмастыруды, сондай-ақ тиісті бағыттар бойынша басқа да хатшылардың лауазымдарын қайта қарастыруды тапсырды. Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында Президент қызметінде болсын және партия жұмысында болсын ел мүддесіне берік болу қажеттілігін ұстанатынын жеткізді. «Nur Otan» — еліміздің негізгі саяси күші. Сондықтан Қазақстанның болашағы үшін, ең алдымен, біздің партиямыз жауапты. Әрқайсымыз осы жауапкершілікті терең сезініп, жұмыс істеуіміз қажет. Шын мәнінде, Nur Otan мемлекетшілдер партиясы болуы керек. Ұйым мүшелері мемлекет мүддесін бәрінен биік қоюға тиіс, деді партия Төрағасы.

«Егемен Қазақстан» газетінен ықшамдап алынды.



«Ақпанның 4-5 күндері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен XXIV Қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысу үшін Бейжің қаласына жұмыс сапарымен барады.

Сонымен қатар сапар барысында Қазақстан Президенті мен Қытай Төрағасы екіжақты келіссөз жүргізеді

Президент Бейжіңдегі Олимпиада ойындарының ашылуына қатысады

Бұл туралы Egeмен.kz Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли тараптан ақпаратқа сілтеме жасап хабарлайды.

деп жоспарланған», деп жазылған хабарламада.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Аудан тұрғындарының назарына!

«Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығына сәйкес «Созақ үні» газетінің 22.01.2022 жылғы №6 және 26.01.2022 жылғы №7 шығарылымдарына жарияланған аудан әкімінің, ауылдық округтері мен кенттері әкімдерінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері және азаматтарды өтініштері бойынша жеке қабылдау күндері өзгерді.

Төмендегі кестеге сай ауылдық округтері мен кенттері әкімдерінің есебі өтеді.

Аудан әкімінің есеп беру жиындарының кестесі қосымша хабарланатын болады.

Үндеуге үн қосу Әр азамат өз білімімен, адал еңбегімен ел дамуына елеулі үлес қосуы тиіс

Елімізде қиын жағдай туындағанда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын бірлікке, бейбітшілікке, ынтымаққа шақыратын үндеу жолдады. Президент еліміздегі саяси жағдайға тоқтала отырып, алдағы уақытта халқымыздың әлеуетін, экономикамызды көтеруге, жұрттың әл-ауқатын жақсартуға бағыт-бағдар берді. «Ендігі кезекте біз мұндай жағдайға ешқашан жол бермеуіміз қажет», – деп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз үндеуінде нақты атап өтті.

Мемлекет басшысы болашақ міндеттер мен одан әрі дамудың жаңа перспективаларын белгіледі. Сонымен қатар Президент бәрін қалпына келтіруді жеке жауапкершілігіне алатынын, сол арқылы жаңа міндеттер мен реформаларды іске асыруға толық дайын екенін ерекше атап өтті. Президент ел дамуының барлық негізгі бағыттары бойынша іске асырылып жатқан жобаларға сыни және кешенді талдау жасады. Біз барлық бағдарламаларды, жобаларды, тіпті бірқатар ұйымдар жұмысының орындылығын қайта қарауымыз керек.

Қазіргі уақытта алдымызда тұрған өте маңызды міндеттердің бірі – еліміз душар болған ауыр қасіреттің себептерін саралап, оның салдарына нақты, объективті баға беру. Бұл уақыт еншісінде. Жұмыссыздық, төмен жалақы мен жоғары табыстағы алшақтықтар сияқты басқа да әлеуметтік қиыншылық жағдайлардан туындаған наразылықтар, халық арасындағы толқулардың қай жағынан болсын теріс салдарлары өте жоғары екенін анық көрсетті. Осыған байланысты өз үндеуінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ендігі кезекте еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажеттігін ерекше атап көрсетті.

Біздің экономикалық саясатымыздың мақсаты айқын. Бұл – заман талабына сай әлеуметтік бағыт-бағдары бар нарықтық экономика құру және оны дамыту. Бұл өз кезегінде кәсіпкерлікті толыққанды дамытуға және орта тапты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан кәсіпкерлікті дамыту үшін жүйелі жұмыс атқару өте маңызды фактор болып табылады. Осы тұста Президент әділ бәсекелестікті экономика үшін басты талап ретінде қолдап, бағаны ымыраласа отырып белгілеуге жол берілмеуі керектігін баса айтты. Сәйкес құрылымдарға осы саладағы жұмыстарды ретке келтіруге, оны реформалау үшін кешенді ұсыныстар әзірлеуге тапсырма берді. Ел Президенті бизнеске кері әсер ететін бюрократиялық салмақты айтарлықтай азайтып, оның өсіп-өркендеуіне жол ашатын заңға қол қойды.

Президент еліміздің жаңа экономикалық саясаты алдағы кезеңде, ең алдымен, барлық қазақстандықтың өмір сүруі мен әл-ауқаты жоғары деңгейде болуын қамтамасыз етумен байланысты екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев осы мақсатта Қазақстан даму банкінің жұмыс форматын елдегі шағын және орта бизнесті дамытуға көмектесетіндей қайта қарауды ұсынды. Жалпы, қазіргі уақытта Қазақстан қоғамы Мемлекет басшысының шешімдері төңірегінде топтасуы қажет. Біз бірге барлық қиындықты еңсеріп, көздеген мақсатымызға қол жеткізе аламыз.

Бұл орайда кәсіпкерлердің ел болашағы үшін өзіне зор жауапкершілік алуға дайындығы да аса маңызды. Кешегі лаңкестік әрекеттер салдарынан шағын және орта кәсіпкерлердің зиян шеккенін көріп отырмыз. «Күшіміз – бірлікте!» деп, мемлекет кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы орта қалыптастырып, кәсіпкерлер қоғамға, халыққа қызмет етсе, бұл өз кезегінде елдің әл-ауқатын арттыруға, тұрмыс деңгейін көтеруге ықпал ететініне біз кәміл сенеміз.

Экономиканы әртараптандыру, импортқа тәуелділікті барынша азайту, ел ішінде ұлттық өндірісті жолға қою, қоғамдық әл-ауқатты арттыру, тұрақты жұмыс орындарын ашу, әлеуметтік қамтамасыз ету бағытында әлі де күрмеуі шешілмеген мәселелер баршылық. Сондықтан бұл мәселелер ғылыми қоғамдастық, экономист-ғалымдар тарапынан терең зерделеніп, экономикалық саясатқа ғылыми негізделген тиісті ұсыныстар жасалса, бұл да жаңа «қоғамдық келісімнің» тиімділігін арттыратыны сөзсіз.

Нұржамал ТӨЛЕУОВА,
Созақ ауданының Құрметті азаматы,
«Қайрат» балабақшасының меңгерушісі.



Аудан әкімі Таукент, Қаратау, Қарағұр ауылдарында болып, тұрғындармен кездесті

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Таукент кентінде болып, бірқатар нысандарды аралап, тұрғындармен кездесті. Жыныс елді мекеніндегі С.Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің жылу жүйесін, жаңадан салынған қосымша жай ғимаратын аралап көрді. Сондай-ақ, Таукент кентін жылумен қамтамасыз ететін қазандық жұмысын да назарынан тыс қалдырмады.

Мәдени-спорттық, сауықтыру кешенінде кент тұрғындарымен кездесіп, олардың талап-тілектерін тыңдады. Кент тұрғындары бірқатар мәселені көтеріп, оның шешілуіне ықпал ету тетіктерін қарастыруды сұрады. Мәселен, Жыныс ата елді мекенінде электр желісі үзіліп, жарықтың жиі өшетінін тілге тиек етті. «Оңтүстік Жарық» ЖШС Созақ ауданы бөлімінің өкілі, инвестбағдарлама бойынша 2023 жылы электр бағаналары жаңарады деді. Алайда, аудан басшысы тұрғындар электр желісі сәнуінің зардабын тартпауы керек деп, бұл мәселені мүмкіндігінше тез шешілуіне ықпал ететінін жеткізді. Тұрғындар кент пен коттедж аталып кеткен мөлтек аудан арасындағы жолды күрделі жөндеуден өткізу қажеттігіне тоқталды. Сондай-ақ, түнгі уақытта жүргіншілерге, оқушыларға қолайсыздық тудыратын коттедж аялдамасына электр бағанасы қойылып, жарықтандырылса деген талабын айтты. Аудан әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дулат Байзақов, коттедж бен



кент арасын байланыстыратын күре жол уран кеніштеріне қарамағында, аудан баласына өткізілсе жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік болады деді. Халықтың мәселесін шешу біздің міндетіміз деген аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы тиісті бөлімге жолды аудан балансына алуды тапсырды. -Сондай-ақ, алдағы аптада коттедж аялдамасына бағана орнатылып, электр желісі тартылады, деді аймақ басшысы. Жыныс елді мекенінде оқушыларды мектепке тасымал мәселесіне әкімдік тарапынан көлік шығарып, шешіп беруді сұрады. Аудан басшысы оқушылар тасымалы заң шеңберінде шешілуі керек. Аудан бойынша Тасты-Қылти, Сызған-Басбұлақ, Қарабұлақ-Балдысу елді мекендері арасында тасымал жүргізілетініне тоқталып, елді мекен ішінде заң бойынша бұл мәселені шешу қарастырыл-

филов жалпы орта мектебінде болып, ауылдық аурухана жұмысымен танысты. Ауыл тұрғындарының жол, көшені жарықтандыру, ауыл шаруашылығы саласы бойынша сауалдарына жауап беріп, тиісті бөлім басшыларына тапсырма берді. Қарақұр ауылында тұрғындар ауылдық емханаға жедел жәрдем көлігі алып берілсе деген ұсыныстарын жеткізді. Одан бөлек, ауылшаруашылығы мақсатта жер телімін беру, Раң ата елді мекеніндегі ауыз су, жол мәселесі көтерілді. Аудан әкімі көтерілген мәселеге қатысты жұмыс жоспары түзіліп, тиісті жұмыс жасалынатынын жеткізді. Іс сапар барысында Қарақұр ауылында аурухана жұмысын көрді. Шаға елді мекенінде болып, ондағы С.Бақбергенов атындағы білім ордасының тыныс-тіршілігімен танысып қайтты.

Жаңа қазақстандық патриотизм



Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ Созақ ауылдық округі әдіскері Жақсылық Айгерімнің ұйымдастыруымен жастардың бойында патриоттық сезімді арттыру мақсатында Созақ

ген сұрақтарына жауап алып, өз ой-пікірлерін білдірді.

«Созақ үні»-ақпарат.

ауылдық округінде «Жаңа қазақстандық патриотизм» тақырыбында кездесу өтті. Созақ ауылдық мәдениет үйінде өткен кездесудің мақсаты жастардың бойында патриоттық сезімді арттыру. Кездесуге ауыл ақсақалы, ардагер ұстаз Исмаков Болат, Созақ ауылдық округ әкімінің орынбасары Байкөбек Жомарт, Созақ ауылдық мәдениет үйінің директоры Алтыбаев Талғат, Созақ жалпы мектеп гимназиясының оқу ісі жөніндегі орынбасары Сейітмақанұлы Нұрмахан қатысты. Жастар көкейінде жүрген сұрақтарына жауап алып, өз ой-пікірлерін білдірді.

**«Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығына сәйкес ауылдық округтері мен кенттері әкімдерінің халыққа есеп беру
кездесулерінің КЕСТЕСІ
(15-22.02.2022 жыл)**

Қ/с	Аудан, ауылдық округтер атауы	Елді мекен атауы	Есеп беретін әкімнің аты-жөні	Күні, уақыты	Әлеуметтік желідегі сілтемесі	Кездесудің өтетін орны	Сұрақтар беруге арналған телефон, электронды пошта, жәшік орналасқан мекен жайы
1	Шу	Шу	Д.Досымбеков	15.02.2022ж Сағат 10.00	https://www.facebook.com/shu.akimat	Ж.Қаламбаев атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-01 da.dosymbekov@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7057707001 WhatsApp
2	Тасты	Тасты Қылти	М.Тлеулинов	15.02.2022ж Сағат 11.00 16.02.2022ж Сағат 12.00	https://www.facebook.com/tastyakim	Абай атындағы ЖОМ мәжіліс залы ФАП	8/72546/47-38 m.tleulinov@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 77713233565 WhatsApp
3	Жуантөбе	Жуантөбе Қоңыратарық	Д.Абраев	15.02.2022ж Сағат 15.00 16.02.2022ж Сағат 10.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100025585327589	С.Сейфуллин атындағы ЖОМ мәжіліс залы Ауылдық клубта	8/72546/47-36 d.abraev@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7021551209 WhatsApp
4	Қыземшек	Тайқоңыр Қыземшек	Е.Жумабаев	15.02.2022ж Сағат 11.00 16.02.2022ж Сағат 10.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100011408784734	Т.Момбеков атындағы ЖОМ мәжіліс залы Мәдениет спорт кешені	8/72546/47-06 e.zhumbaev@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7054878777 WhatsApp
5	Сызған	Қайнар Басбұлақ Қозмолдақ Сызған	Х.Нұртан	15.02.2022ж Сағат 10.00 16.02.2022ж Сағат 10.00 17.02.2022ж Сағат 10.00 18.02.2022ж Сағат 10.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100012866865283	С.Макаренко атындағы ЖОМ мәжіліс залы Басбұлақ бастауыш мектебі Ф.Мұратбаев атындағы ЖОМ мәжіліс залы Қ.Рүстемов атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-21 n.nurtan@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7075056153 WhatsApp
6	Созақ	Ыбырай Қақпансор Көктөбе Созақ Шақырық	Б.Аяпов	15.02.2022ж Сағат 10.00 15.02.2022ж Сағат 16.00 17.02.2022ж Сағат 10.00 18.02.2022ж Сағат 12.00 18.02.2022ж Сағат 16.00.	https://www.facebook.com/profile.php?id=100034484372767	Құрманғазы атындағы ЖОМ мәжіліс залы Ескі мектеп ғимараты Суындық ЖОМ мәжіліс залы Ауылдық мәдениет үйі Ә.Науайы атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-07 b.ayapov@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029778979 WhatsApp
7	Қарағұр	Раң Шаға Қарағұр	О.Жәмиев	15.02.2022ж Сағат 10.00 16.02.2022ж Сағат 12.00 17.02.2022ж Сағат 15.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100013720096283	Б.Батырбекова атындағы ЖОМ мәжіліс залы С.Бақбергенов атындағы ЖОМ мәжіліс залы Қарағұр ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-31 o.zhamiev@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7019774477 WhatsApp
8	Қаратау	Ақсүмбе Сарыжаз Қаратау	О.Ермахан	15.02.2022ж Сағат 10.00 16.02.2022ж Сағат 11.00 17.02.2022ж Сағат 10.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100015001120703	С.Қожанов атындағы ЖОМ мәжіліс залы Сарыжаз негізгі орта мектебінің мәжіліс залы Панфилов атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-29 o.ermakhan@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 77716360923 WhatsApp
9	Жартытөбе	Аққолтық Бабата Жартытөбе	Б.Есенқабыл	16.02.2022ж Сағат 11.00 15.02.2022ж Сағат 12.00 17.02.2022ж Сағат 10.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100012829812180	Ш.Уалиханов атындағы ЖОМ мәжіліс залы М.Мәметова атындағы ЖОМ мәжіліс залы Ауылдық клуб	8/72546/47-03 b.esenkabyl@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7089308553 WhatsApp
10	Құмкент	Қызылкөл Қызылқанат Құмкент	Ғ.Пәрдебекұлы	15.02.2022ж Сағат 10.00 16.02.2022ж Сағат 11.00 17.02.2022 ж Сағат 12.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100012905161071	Ауылдық клуб Ауылдық клуб	8/72546/47-25 g.pardebekuly@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7754974161 WhatsApp
11	Таукент	Таукент	М.Оспанов	16.02.2022ж Сағат 10.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=1000	І.Кеңесбаев атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-17 m.ospanov@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7024949460 WhatsApp
12	Шолаққорған	Балдысу Қарабұлақ Абай Жеткеншек Шолаққорған Теріскей	А.Елибаев	15.02.2022ж Сағат 12.00 15.02.2022ж Сағат 10.00 16.02.2022ж Сағат 10.00 18.02.2022 ж Сағат 10.00 22.02.2022ж Сағат 10.00 22.02.2022 ж Сағат 16.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100016017283010	Жамбыл атындағы ЖОМ мәжіліс залы Қарабұлақ бастауыш мектебі ғимараты Иманов атындағы ЖОМ мәжіліс залы Ә.Молдағұлов атындағы ЖОМ мәжіліс залы Ауыл әкімі ғимаратының мәжіліс залы А.Сүлейменов атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-13 a.elibaev@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7014655009 WhatsApp

Өткен жылғы сәуір айының алғашқы он күндігі қазақ спорты үшін және созақтықтар үшін елең еткізер сүйінші жаңалығымен есте қалды. Қарақұр ауылының тумасы, жерлесіміз-Самат Айтпанбет джиу-джитсу спорт түрі бойынша Абу-Дабиде (БАӘ) өткен әлем чемпионатында алтын алқа иегері және Түркия елінде өткен әлем сайысының бас жүлдегері атанғанын аудандық «Сөзақ үні» газетінде 2020 жылы мамыр айының 4-ші жұлдызы күнгі санында сүйіншілеп жазған болатымыз. Ол хабарымыз әлеуметтік желіде де жарияланды.

Самат Айтпанбет еліміздегі қоңыр белбеу иегерлерінің арасындағы ең алғашқы әлем чемпион ре-



Қаратаудың қос қыраны!

тінде спорт тарихында қалады. Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы «Sagadat Batyr-QTT» спорт клубының жаттығушысы әлемдік турнирде 56 кг дейінгі салмақ дәрежесінде өнер сынасып, жалпы 4 жекпе-жекте де жеңіспен аяқтайды.

Саматтың әкесі Мұрат пен анасы Майра осы-бұрынғы Энгельс атындағы кеңшардың перзенттері. Тұңғыштары-Самат 1997 жылы Алматы қаласына қарасты Іле ауданы, Жәпек батыр ауылында өмірге келген. Осындағы орта мектепке бірінші сыныпқа барады. Жастайынан жаны нәзік Саматтың спортқа қызығушылығын байқаған әкесі 5-сыныбында еркін күрес үйірмесіне апарды. 9-сыныптан бастап грек-рим күресіне ауысып, оны да жетік меңгереді. 2015 жылы мектепті үздік бітірген балаң жігіт Алматыдағы Қазақтың туризм және спорт академиясының түлегі. Бүгінде өзі оқыған Академияның магистранты. Інісі Мақсат та ағасының

әлем чемпионатында жартылай финалға шықты. «DAR TEAM» командасының мүшесі Әліби ақтық финалда қарсыластарын шақ келтірмей жеңіп, күміс жүлдені иеленді.

Қарт Қаратаудың етегінде Қаратау ауылдық округінде 40 жыл ұстаздық еткен атасы Пернебек Бейсеев ағайды бүкіл Созақ ауданы біледі десек қателеспейміз. Жер өңдеп Күмістінің байрайын бау етіп еңбек ете білген көпшілікке үлгі болған азамат. Ер мінезді, он саусағынан өнері тамған шебер ұстаз болатын. Жұбайы Гүлстан апамыз екеуі 10 ұл-қыз тәрбиелеп өсірген. Қазір балалары еліміздің түкпір түкпірінде әр салаларды түрлі қызметтер жасайды. Бірі ұлағатты ұстаз болса, бірі кәсіпкер болып ұрпақ өсіріп еңбек етіп жатыр. Бүгінгі әңгімеге арқау еткен чемпион ініміз Пернебек қарияның 10-шы баласы Нұржанның ұлы Әліби Пернебектегі жайында болмақ. Әкесі Нұржан Пернебекұлы Бейсеев қазіргі таңда Алматы қаласында ішкі істер ор-

туыстары боп келетін Сатымқұл ақсақалдың балалары да жиендерінің жеңісіне қуанып толқуда. Сұлтан атты нағашысы көпке шарапаты тиген кәсіпкер бизнесмен.

Әліби осы күндері жігіттің нарқасқасы, ережесіз жекпе-жекпен халықаралық ареналарды топ жарып жүр. Әлібидің өмірбаянына келсек, 2001 жылы туылған. Жеті жасынан бастап Алматыдағы «Шаңырақ» спорт мектебінде таэквондомен айналысқан. Осы кезде «DAR TEAM» спорт клубында ережесіз жекпе-жекпен айналысуда.

Атақтарын айтар болсақ, оның өзі бір төбе болмақ. MMA-дан спорт шебері, 83,9 кг салмақта Қазақстан чемпионы. Осы салмақта Азия чемпионы, Еуропаның қола жүлдегері. Тектілердің ұрпағы боп саналатын Әліби баламызға толағай табыстар тілейміз. Осындай ұланы бар екенін Теріскей жұрты біліп, тілеуін тілеп отырса деген жанкүйер жандармыз. Бүгінгі таңда Әліби «DAR TEAM» спорт клубында ере-



жолын қуған, осы спорт түрінен Әлем чемпионатына жолдама алған күлгін белбеу иесі. Туризм және спорт Академиясының 3-курс студенті, спорт шебері.

Енді кеше ғана Теріскей еліне тағы да бір қуанышты хабар келді. Қаратау ауылының тумасы, жерлесіміз Пернебек Әліби осы жылдың қаңтар айында Абу-Дабиде (БАӘ) MMA-дан өткен

ганында белді қызметкер. Анасы Әлия Сапарбаева бірнеше бала өмірге әкеліп, оларды отбасында тәрбиелеп өсіріп жолына қарап, тілек тілеп отырған әулетке сыйлы келін. «Жігіттің жақсы болуы нағашыдан» демекші Әлібидің нағашы жұрты-ақсүмбелік Сатымқұл Сапарбаев ақсақал. Дүйім қазақ қадірлейтін, Алаш көсемі Сұлтанбек Қожановтың

жесіз жекпе-жекпен айналысуда.

Біз Самат пен Әлібидің алдағы уақытта болатын байрақты бәсекелер мен әлемдік додаларда, Олимпиадада топ жарып, жеңіс тұғырынан көрінулерін Алла нәсіп етіп, иісі қазақтың мақтанышы болғай деп шын жүректен тілегімізді жолдаймыз!

Мақсат ЖЕҢІСУЛЫ.

"Болар істің басына, жақсы келер қасына!"

Туған жеріндегі алғашқы игі ісін тазалықтан бастайын деген ниетпен аудан басшысы Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы келе сала қоқыс төгетін полигонның айналасын тазартуға пәрмен берді. Өздері де осы пәрменді асыға күтіп жүрген ауыл әкімі Ә.Елібаев пен комхоздың басшысы Б.Әлтеков өткен аптадан бері ауылдағы ауыр техника біткенді полигон маңына жиып, тазалық жұмыстарына кірісіп кетті. Міне, осы ретте ауыл әкімі Ә.Елібаев пен Б.Әлтеков мырзаларға жолыққан едім. Қызметтерінен бөлек, өздерін осы елдің жанашыр азаматы сезінетін кейіпкерлерімнің ай-



тары төмендегідей болды.

Бұл екі азаматтың айтуынша, біз сөз етіп отырған бұл полигон 2009 жылы қазылып, халық игілігіне берілген екен. Ол уақыттарда Шолаққорған халқының саны небәрі 12 мыңды құраған көрінеді және 2024 жылға дейін қоқыс төгуге жарайды деп жоспарланған екен. Сондай-ақ, жылына 4 мың куб метр жерге қоқыс төгіледі деп есептеліне керек. Дегенмен, халықтың саны соңғы жылдары қарқынды өсіп, бүгінгі таңда 20 мыңға жуықтағандықтан полигон жоспарланған уақытынан бұрын толып қала ма деп отыр. Осы себепті де ауданымыздың жаңа басшысы Мұхит Сексенбайұлы алдағы уақыттарда жаңа қоқыс полигонын жасауды жұмыс жоспарына енгізетінін мәлімдеді. Сонымен, полигонның маңын тазартып, котлованға баратын авто жолды аршу жұмыстары осы аптаның соңына дейін жүргізілмек. Бұдан бөлек, алдағы уақытта аудан әкімінің жәрдемімен Жаңатас қаласынан арнайы техника алдырып, осы бағыттағы жұмыс жалғасатын көрінеді. Тағы да ауыл әкімі мен комхоздың директоры өзара ақылдасып, полигонның басына таңнан кешке дейін арнайы бір адам қоюды да жоспарлап отыр.

Мұнан бөлек, Берік Әбдіқадірұлының мәлімдеуінше «Сөзақ Сәулет» КММ мен жеке кәсіпкер Қалдыбай Кенжекүл Еркінқызының арасында келісім-шарт түзіліпті. Осы келісім-шартқа орай, «Нұртер» жеке кәсіпкерлігіне қарасты қоқыс өңдеу шағын зауыты ауданымыздағы Шолаққорған ауылы мен Таукент және Қыземшек кенттеріне қарасты полигондардағы полиэтилен пакеттер мен баклашкаларды, шыны бөтелкелерді және т.б өңдеуге жарамды қоқыс түрлерін өңдейтін болды. Сол себепті де аталмыш зауыттың жұмысшылары тәулік бойына полигонның басында болып, айналасын таза ұстауды қадағалауға міндеттеніп отырған көрінеді.

Сөз соңында айтарым. Құрметті жерлестер! Білгендеріңіздей полигонға баратын жолдың екі жағы бірдей Созаққа шығатын асфальттен түсе қоқысқа толы. Ал, полигон маңынан көлікті былай қойып, жаяу адам әрең жүріп өтеді. Тасталған өлексенің де есебі жоқ. Ертең, тазалық жұмыстары бітіп, қоқыс тастайтын арнайы котлованға баратын жол ашылғаннан соң қоқысты сонда апарып төгейік! Әсіресе, мынау қоқыс тасымалдайтын көлік иелері сіздерден өтініш! Шырайлы Шолаққорғанымыз бәрімізге ортақ. Бүкіл ауданымыздың айнасы. Сондай-ақ, экологиямыздың таза, жұқпалы аурулардан ада болуымыз өзіміз үшін, ертеңіміз үшін маңызды! Ендеше, туған жеріміздің топырағын таза ұстайық! Бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, аманаттап кеткен киелі, қастерлі жерімізді қоқысқа толтырып жібермейік! Отанды сүйюді, отбасымызды, ауылымызды сүйуден, қастерлеп таза ұстаудан бастайық! Ауылымыздың тазалығы үшін таңның атысынан күннің батысына дейін көше кезіп, суыққа тоңып, ыстыққа шығып жүрген жерлестеріміздің еңбегін бағалайық! Жалпы, бұл жұмыс аяқталғанға дейін «Сөзақ үні» газеті редакциясының назарында болады!

Данияр БЕК.

«Үлкен Түркістан» үшін өмірін қиған

Сұлтанбек Қожановтың есімін ардақтау-бүгінгі ұрпақтың қастерлі парызы

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Созақ ауданының орталығы Шолақ-қорған қыстағында мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожанов атындағы тарихи-өлкетану музейі ашылды. Бұрын Сұлтанбек Қожановтың мемориалдық музейі болған бұл тарихи-мәдени, ғылыми орын музейге бейімделіп салынған екі қабатты жаңа жайға көшірілді. Музейдің алдына Сұлтанбек Қожановтың мүсіні қойылған. Музей тұрғындар мен туристер үшін ең қолайлы жерге, аудан орталығындағы Жастар сарайы мен саябағы қатарына, Шымкент–Созақ автомобиль жолының жағасына орналасқан. Созақ–Сұлтанбек Қожановтың туған өлкесі. Созақтың батысындағы әскери-қорғаныс қарауыл мұнарасы бар бас қақпасы – Ақсүмбе Сұлтанбектің туған ауылы. Сұлтанбек орта ғасырдағы тарихи деректерде Хендахор–Ақсүмбе деген атпен белгілі қала жұртының орны тұрған жер – Күрдектен жоғары аңғардағы Ақтұмада 1894 жылы туған. Ал, тау аңғарының ішіне таман, Ақсүмбе өзенінің жағасындағы бейітке атасы Мырзабайұлы Сапарбай жерленген. Сапарбайдың әкесі Мырзабай Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңына жерленген. Бұл туралы Марат Тұяқбаев өзінің «Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар» (2000) деген кітабында: «Кесенеді жерленген қазақ хандары мен сұлтандары: ...32. Жетімдер Байзақ датқа...

37. Божбан Қандауыл ұлы Мырзабай» деп жазады. Яғни Мырзабай Мәуленқұл болыс пен Молда Мұса ақынның әкесі Байзақ датқаның қатарында аталады. Сапарбайдың әкесі Мырзабай Қоқан хандығы тұсында датқа, Оңтүстік Қазақстан Ресей империясына қараған тұста Түркістанның болысы болған. Кейін баласы Сапарбай болыс болған. Әкелі, балалы Мырзабай мен Сапарбай болыстар өз заманында тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуына барынша қамқорлық жасаған тұлғалар болды. Олар Ақсүмбе қарауыл мұнарасын, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен ондағы Тайқазанның сақталуына, Арыстанбаб кесене-мешітінің қайта салынуына сол кездегі өкіметтің назарын аударған. Орынбор–Ташкент теміржол құрылысына жұмысшы күшін даярлаған. Фольклор жинаушы, зерттеуші Ә.А.Диваев Сапарбайдың өз аузынан халық шығармашылығының талай үлгілерін жазып алған. Майлықожа ақын өзінің «Түркістан жақсыларына» деген арнау өлеңінде Сапарбай есімін:

Түркістанның болысы ер Сапарбай,

Заманында іс қылған о да таудай.

Түркістанды түлетіп гүлдендірді,

Шам, Мысыр, Самарқанның шаһарындай,—деп жырға қосқан. Түркістан Автономиялы Республикасының орталығы болған Ташкент қаласына 1920 жылы осы республиканың жоғарғы басшылығында отырған Сұлтанбек Қожанов, Тұрар Рысқұлов, Нәзір Төреқұловты қазақтың бірталай зиялылары—Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхамеджан Тынышпаев, Қошмұхамед Кемеңгерұлы, Халел Досмұхамедов, т.б. сағалап барған. Мақсаттары Түркістан Республикасының басшыларымен бірігіп, республика аясында нартәуекелмен қызыл империядан бөлініп, тәуелсіздік алу болды. Осы азаттық жолында қазақ оқығандары, алашор-

дашылар сол аумалы-төкпелі заманда қолынан келген барлық әрекеттерін жасады. Түркістан халықтарының саяси-әлеуметтік, экономикалық, оқу-ағарту, мәдени және ғылыми мұқтаждарын өтеу үшін жанқиярлықпен еңбектенді. Мәселен, халықтың рухани мұқтаждарын өтеу мақсатымен Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариаты жанынан ұйымдастырылған білім комиссиясы тікелей Сұлтанбек Қожановтың нұсқауымен құрылды. Комиссия жұмысына жан-жақты көмек берген басшы да Сұлтанбек болды. Олай болатыны, алдымен білім комиссиясының мүшесі, кейін төрағасы болған Халел Досмұхамедұлы «Қазақ-қырғыз білім комиссиясы жиынынан қысқаша баяндама» деген еңбегінде (Халел Досмұхамедұлы. Таңдамалы (Избранное), Алматы, 1998.): «Қазақ-қырғыз білім комиссиясы 1921 жылдың басында Түркістан Халық ағарту комиссариатының жанында ашылған. Комиссияның мақсаты қазақ-қырғыз мектептері үшін оқу кітаптарын даярлау, қазақ-қырғыздың халық әдебиетін жинау, білім әдебиетін көркейту, сол секілді маданият жұмысын ұлғайту болды.

...Былтырғы күзден бері мынадай бас нәрселер сыналып өтті» дей келе, сол «бас нәрселердің» тізімін береді. Абайдың екінші толық шығармалар жинағын шығару тізімге: «17. Абай (Ыбырай) Құнанбайұлының таңдама өлеңдері жуық арада шапшаңдықпен басылса керек» деген мазмұнда енгізілген. Аталған тізімге Әубәкір Диваев материалдарынан Қарақұлшақ Қобыланды, Нәрікөз Шора, Бекет батыр, Қамбар батыр, Шора батыр, Мырза Едіге батыр, Алпамыс батыр – барлығы жеті батыр алынып, бәрі де басылып шыққан. Сондай-ақ, жоғарыда аталған тізім бойынша А.Байтұрсынұлының «Әліппе», «Тіл-құрал», «Баяншы», М.Дулатовтың «Есеп-құрал», Х.Досмұхамедовтің «Табиғаттану», «Жануарлар», т.б. кітаптар жарық көрген. Ал, «Председатель Кирг.науч.ком. 10.V.1922» деп Халел Досмұхамедұлы қол қойған Қазақ-қырғыз білім комиссиясының баяндамасындағы (Түркістан облыстық мемлекеттік архиві Қор №1170; Тіз №5,5; Бум, № Ус№5.) «Список учебных и других книг и пособий киргизском (казахском) языке в 1921 г. Изданной в Ташкенте» деген тізімге: «... 16. Абай. Избранные стихотворения (с предисловием и комментариями)» деп енгізген...

Қазақ-қырғыз білім комиссиясының жұмысы осылай жандана бастағанда қаржы тапшылығына ұшырайды. Экономикалық дағдарыстың себептерін зерттеу комиссиясының төрағасы Халел Досмұхамедұлы былай дейді: «... Осындай жобамен іске кірісе бастағанда, комиссияның төбесіне ескермеген бір нәрсе тап ете түсті. Бұл жаңа шаруашылық саясаты болды. Бүтін республикеде махкамаларды құру, жұмысшыларды азайту, мемлекет шығынын ашыту жұмысы басталды. Білім комиссиясында тек үш кісі ғана қалды: бірі төбе ағасы, бірі мүшесі, бірі білім хатшысы... Осы үшеуі ғана керекті жұмысты істейтін болды.

...Ұйғарылған жұмыстардың бәрі қалыңды. Бұрынғы ұлы жолды тастап, жұмысты бойға шақтап істеу керек болды. Жүгірту ақшаны Компрос комиссияға тауып бере алмады» (Халел Досмұхамедұлы. Таңдамалы. Алматы, 1998.). Қазақ-қырғыз білім комиссиясының жұмысы тоқтап

қалуға айналған осындай алмағайыпта осы білім комиссиясына үкімет тарапынан жауапты Нәзір Төреқұловтың отырарлық жерлес досы, бүкіл Түркістан, Торғай, Ташкент, Қоқан, Самарқан жағына жомарттығымен «Есжан сақы» атанған зиялы кісі Есжан сақы Меңлібайұлы ақшалай жәрдем берген. Бұл мемлекет деңгейіндегі игілікті іс Түркістан Автономиялы Республикасының тәуелсіздігін армандаған әкесі Меңлібай қажының аманаты екен... Ал, басқа әдебиеттердің қатарында Білім комиссиясының тізімі бойынша Абайдың 1922 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан екінші жинағын Түркістанға таратушылардың бірі де, зерттеуші де Ташкенттегі Орталық Азия Мемлекеттік университетінің (САГУ) студенті Сейітжан Есжанұлы болған. Осындай жағдайда «Қазақ-қырғыз білім комиссиясының» жұмысына сол бір қилы заманда Түркістан Республикасының басшысы ретінде Сұлтанбек Қожанов қолдан келгенше көмегін берді. Түркістан Республикасы комиссариаттарының біріккен алқа жиналыстарына қатысып, талай ұсыныстар айтқан. Сол сан-салалы көмегінің бірі—баспа-баспахана жұмысы. Мәселен, үкімет тарапынан осы комиссияға жауапты Нәзір Төреқұловпен бірге Түркістан Республикасы Ұлт істері комиссариаты мен Халық ағарту комиссариатының біріккен алқа жиналысына баспа жұмысына байланысты қатысқандығы туралы хаттама архивте (Основание: ЦГА. УзССР. Фонд №36; ОП.№1; Д. №45. Л. №13...) сақталған. Хаттамада Сұлтанбек Қожановтың мәлімдемесі бойынша қырғыз (қазақ) кітаптарын, нұсқаулықтарын литографиялық жолмен басып шығару өте қажет екендігі, бірақ баспаханада мұсылман шрифтерінің жетіспейтіндігі, сондықтан шрифтердің бағасына қарамастан Мәскеу арқылы тез арада сатып алу керектігі туралы қабылданған қаулы-қарары жазылған. Сол хаттаманың орыс тіліндегі түпнұсқа көшірме мәтіні мынау:

ПРОТОКОЛ №5

Обьединенного заседания коллегии Наркомнаца

Наркомпроса.

От 21 октября 1921г. ПРИСУТСТВОВАЛИ: т. Ходжанов, Төрекулов...

ПРОТОКОЛИРУЕТ: т. ИВАНЦКИЙ.

СЛУШАЛИ ПОСТАНОВИЛИ

Заявление тов. Ходжанова о том, что киргизской печати не удовлетворяются арабским шрифтом. Необходимо издание киргизских книг и руководств литографией, но нет киргизов, умеющих писать для литографирования. О совместной работе Наркомнаца и Наркомпроса. Обратиться от имени Наркомнаца в Москву с ходатайством о закупке Лейпциге, независимо цены 1.200 пуд. мусульманского шрифта. Ответственность за выработку в 3-х дневный срок всей сметы, определение количества и стиля шрифтов разных сортов и переговоры со специалистами возложить на тов. БУДАЙЛОВА поручив ему также выработку необходимых условий, определяющих конструкцию приобретаемой... Организовать киргизские курсы литографического письма.

Түркістан Республикасының басшылары Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төреқұлов сынды алашшыл қайраткерлердің пәрменімен, меценат, ұлт зиялысы Есжан сақы Меңлібайұлының, тағы басқа-

лардың қаржылай демеушілігімен Мәскеу арқылы Лейпцигтен мұсылман шрифтері айтқан бағасына сатып әкелініп, Ташкенттегі баспахана-лардың жұмысы жанданды. «Қазақ-қырғыз білім комиссиясының» сараптап жасаған тізімі бойынша көптеген әдебиеттер басылып шыққан. Сол баға жетпес рухани қндылықтардың бірі – Абай Құнанбайұлының 1922 жылы Ташкентте жарыққа шыққан екінші жинағы. Өлеңдерді жинақтап, ғылыми негізде жүйелеп, алғысөзін жазған Алаш қайраткері Халел Досмұхамедов болатын. Ғалымның қазақ дүниесінде өзіне дейін теориялық тұрғыдан толымды үлгі негізі жоқ баспагерлік, редакторлық қызметке түрен салуы теңдесі жоқ қарекет еді. Абайдың осы екінші жинағын қазақтың тұңғыш әскери жазушысы, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы қолынан тастамаған. Мәселен, Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» атты роман-диалогында (1976) автордың: «Әскерде, соғыста қандай кітаптар оқыдыңыз? Қандай жағдайда, қалай оқыдыңыз?» деген сұрағына Баукең «Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» мен «Севастополь әңгімелерін», Пушкин мен Лермонтовтың әскери прозасын, адмирал Нахимовтың, адмирал Макаровтың, ағылшын адмиралы Нельсонның кітаптарын, қазақ кітаптарынан мен Абайды ешқашан да жаныман тастаған емеспін» деп жауап береді. Бауыржан оқыған Абайды алғаш Оңтүстік еліне танытқан САГУ-дің студенті Сейітжан Есжанұлы екендігін айттық. Сейітжан Есжанұлының әулеті тапсырған Абай Құнанбайұлының өлеңдер жинағының 1922 жылғы Ташкент басылымының сирек бір данасы Отырардағы Руханият–Әбу Насыр әл-Фараби музейінде сақтаулы. Музейдің құдіреті деген осы болса керек. Түркістан Республикасы Орталық Атқару Комитетінің төрағасы секілді аса жауапты қызмет атқарған Сұлтанбек Қожанов 1924 жылы Ташкенттегі жауапты қызметкерлердің қатысуымен өткен бірінші кеңесте «Орта Азия Федерациясы туралы идеялық тжырымдамасын» ұсынды. Кезінде демократиядан ада тоталитарлық жүйе тарапынан тас-талқан етіп сыналған «Үлкен Түркістан Федерациясы» идеясын қайта тірілту жанкештілік, жүрекжұтқандық еді. Ал, ол қоғамға халық қамын жеген «жүрекжұтқандар» табанның астындағы минадан да қауіпті еді. Сондықтан ақындығымен, көсемсөзшілігімен, аудармашылығымен танылған талант, әдебиетші, иісі қазақтың ғана емес, барлық түркі жұртының игілігін ойлаған мемлекет, қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожанов 1937 жылы «халық жауы» ретінде ұсталып, 1938 жылы атылды. Ұлы Даланың, Мәңгілік Елдің ұлы тұлғасы осылайша «Үлкен Түркістан» үшін күйіп кетті. Осындай ғаламат қайраткерге оның туған жері Созаққа атаулы музей ашу Сұлтанбек Қожановтың және басқа да қайраткерлердің туған, өмір сүрген, білім алған қызмет еткен, фәни дүниеден бақи дүниеге аттанған жерлерінің барлығын да қасиетті деп есептеп, рухтарына тағзым етіп, бүгінгі жастарға, келешек ұрпаққа ұлағаттау болып табылады.

Абдулла ЖУМАШЕВ,
әдебиетші, этнограф,
музейтанушы.

(Жалғасы.
Басы өткен санда).

Басқа сайға қарағанда Қарасай дауылының екпіні ерекше. Сондай күндердің бірінде ұйытқи соққан жел қыстау алдында отырған 4-5 киіз үйдің мазасын әбден алып болды. Үйде жүрген апам «Әй, жел, сен осы үйді жықпай қоймайсың-ау» дей жүріп көреге бақан тіреп, шаңырақтың желбауына салма салып әлек. Әбден шаршаған ана «шамаң келсе, көтеріп әкете қойшы, көтер, көтер!» деп отыра берді. Осыны күткендей-ақ күшейе ұйытқи соққан жел үйді аударып, домалатып сай ішіне апарып тастады. Сонда апам: «Ей, жел, енді жаның тынды ма?» деген екен. Кейде жанға рахат сыйлайтын салқын самал, кейде шаң көтерер құйын, кейде ес жидырмас алай-дүлей дауыл. Қарасайдың мінезі осындай. Сол жылы



ЖАҚСЫ БІР АДАМ ҚАРТАЙСА...

көктемде жауын сирек жауып, жел көбейіп, алдағы қуаңшылықтан, қиыншылықтан хабар бергендей еді.

Жаз аяғына қарай таудың ұшар басына белдеуленіп қалың бұлт пайда болды. Таудан аса соққан алапат шандатқан жел күшейе түсті. Үйдегілер желдің таяу арада басыла қоймасына көздері жетіп, үйді жығып алуға қамданды. Бауларын шеше бастағанда ышқына соққан жел үзкітті бар байлауын үзе-мүзе ұшырып алып кетті. Үйдің ішін жел кеулеп, әп сәтте аламан тасырын шығарды. Бір уақытта апам баж етіп жерге жата қалды. «Ойбай, өлдім, өлдім! Қайдасыңдар?» - деген жан дауысы шығады. Ыдыс-аяқ, көрпе-төсекті жинап жүргендер апамның мына көрінісіне қарап мәз болып тұр. Апам оларға ашуланып: «Басым жарылып жатқанда неге күлесіңдер?! Көріңдер келіп!» деп айқайлайды басын жерден көтермей. Мен барып басын сипап: «Жоқ апа, басыңыз жарылмапты. Басыңызға тиген кереге басындағы үріп, кептіріп қойған қарын ғой, апа-ау» дедім. Апам «Ой, тәйірі, не дейді» деп басын көтерді. Апамды қолтықтап қыстау үйге әкеліп отырғыздым.

Жел азынап ақ шаңды қоса бұрқыратты. Майда тастарды да қоса ұшырып ұйытқи соқты. Әп сәтте айналаны алау-дүлей дозаққа айналдырғандай долы дауылға ұласты. Жер бетінде ештеңе қалдырмайтындай үйіре соққан жел кешке қарай үрейлі дыбыспен күшейе түсті. Апам үйде отырып «бісіміллә, астапралласын» қайталап, Құдайға жалбарынып отыр. Кешкі мал-жанды жайғап үйге келген балалары «Апа, басыңыз қатты ауырды ма?» деп сұраса, «Қайдан білейін, қараң қалғырдың қарын екенін. Басыма қаңғыр етіп түскен соң, өлді деген осы екен ғой деп ойлап, ойбайды салдым емес пе!?» - деп апам мәз болып отыр.

«Әй, балам, біз мұнда мәз болып отырмыз. «Балашағадағы» құдалардың жайы

қалай екен. Амандығын білсейші. Мына жел оларды да оңдырып жатқан жоқ шығар.

«Жарайды, апа. Азанда барып өз көзімнен көріп қайтайын.

Таң ата ерте тұрып атымды әкелмек болып сыртқа шықтым. Жел әлі азынап тұр, бірақ шаңы басылған. Кешегі шаңды желден соң ағаштар мен шөптердің реңі бұзылып, сұрғылт тартып тұр. Сұрғылсыз көріністен көңілім құлазып сала берді. Атымды ерттеп жолға шықтым. Өзен бойындағы қара ағаштардың жуан-жуан бұтақтары сыныпты. Талдысай мен Кеңтастың арасындағы кезеңге шыға бергенімде алдымнан Ойбай көке кездесті. Шын атын естіген емеспін. Өзінің азан шақырып қойған атын өзі де ұмытып қалған-ау, сірә. Жақындап келіп сәлемдестім.

«Асалаумағалейкум, көке. «Уағалейкумассалам, ойбай, азанымен ойбай, қайда барасың, ойбай?»

«Мені апам қайын жұртыңды көріп қайт деп жіберді. Өзіңіз қайда барасыз?»

«Мына жел ойбай, үйдің ағаштарын ойбай, қиратып кетті ғой ойбай. Соған сәмірт тал ойбай іздеп шықтым ойбай.

«Көке-ау, ойбайды неге сонша көп айтасыз?»

«Жас күнімде ойбай шешекпен ойбай көп ауырып ойбай, содан бері ойбай ойбайды көп айтатын болдым ойбай.

Көкемен қоштасып, кетуге асықтым.

«Жолың болсын, ойбай.

«Кеш батпай ойбай, қайын жұртыма ойбай жетейін ойбай, - деп жүріп кеттім.

Артыма бұрылып қарасам көкемнің аузы ашылып маған қарап қалыпты. Осы айтқан қалжыңым дұрыс болмады-ау деген ойға қалдым. Аяңдап Кеңтастың асуымен төмен түсіп келемін. Дауыл бұл жақты да аямаған екен. Кей ағаштар тамырымен құлап жатыр. Жаздың желі баяулап барып басылды. «Балашаға» аузындағы шағырда отырған ауылға тақалып, су бойындағы сазды жерге атымды тұсап, ауылға жаяу келе жа-

тырмын. Ауыл шеті көрінді. Жығылмаған сау үй жоқ. Пырдай болып шашылып жатқан дүние мүлік. Әркім өз затын түгендеп жинап жүр. Түндегі жел ауыл көрінісін жау шапқандай қылыпты. Шетінен жағдайларын сұрап амандасып келемін. «Е, қарағым мұндай алапат желді кім көрген?! Сау үй қалдырмады ғой,» десіп жатыр ауыл тұрғындары. Масай ата, Қарғабай аталармен де амандық-саулық сұрастым. Олар да шашылған дүниелерін жинастырып жүр екен. Масай атаның кемпірі шалын меңзеп:

«Түнде мына шалға «Тұрып үздіктерді шешіп сыпырсай, үйді қирататын болды ғой» десем төсегінен тұрмады, «Е, кемпір, қазір жел өзі-ақ түндігіңді сыпырып алады, уайымдама. Мен де қарап жатқан жоқпын, көрегенден мықтап ұстап жатырмын ғой,» дейді. Бұған не дейсің енді?! - деп күліп алды.

Құрдас-құрбыларым, қайныларым келіп «Қайдан жүрсің? Ықтап жел айдап келді ме? Дауыл күні келгенің қалай? Сені күтіп алуға сау үй қалған жоқ. Амаз жоқ далада отырасың енді. Бүгін аш қайтуың да ғажап емес» деп қалжыңдап жатыр. Мен де қарап отырмай құрдастарымның бірінің бүйірінен түртіп:

«Әй, сен, құлан таза жазылдың ба? Құтырған өгіздің етін жеп, өкіріп-бақырып мал-жанды қуып жүр деп естіп едім. Ары отыршы, сілекейің жұғып кетер, - дедім әзіл шыны аралас.

«Ол хикая былай болды. Осы ауылда қайсыбір жылы бір сиырды құтырған ит талап, ол сиыр құтырды деп сойған еді. Қазандағы қуырдақ та пісіп алдымызға келді. Қорқып ешкім табаққа қол созар емес. «Бірінші кім жесе, сол құтырар» деп мен бірінші болып қуырдақты жей бастадым. «Иә, бар бәле сенімен кетсін» деп басқалар да асқа қарай бастады. Қуырдақты жеп, етті бөлісіп тарастық. Ішімнен білдірмей күн санап «Қоя тұрыңдар, бәлем, құтырғанның қандай боларын көрсе-

тейін сендерге» деп мен жүрмін. Қырық күн толды-ау деген кезде сәтін салып, көкемнің үйі мал сойып қонаққа шақыра қалмасы бар ма. Еркектер үйге кірдік. Әйел, бала-шағалар сыртқа жайғасты. Әңгіме айтылып, шай ішіліп жатыр. Мен шай ішпей, төмен қарап оғаш қимыл көрсетіп қоямын. Олар елейтін емес. «Жындының бір қылығы ғой» деп отырған болар. Қол жұдық. Табақ-табақ етте келді. Мен үндемей төмен қарап отырмын. Тамақты енді ала бергенде қаттырақ «муууу» дедім. Қолыма ет тураған пышақты алып алдым. Жұрт: «Ойбай, мынау құтырған сиыр етін бірінші болып жеген еді ғой. Құтырайын деп жүр-ау» деген кезде бар дауысыммен шыңғыра мөңіредім-ай келіп, көзімді ала-бұла қылып ойнақтатып, аяқ-қолымды ербеңдеттім. Бәрі қорқып, етке қарамастан өре түрегеліп, бас сауғалап далаға қаша бастады. Есікке кептеліп, таласып-тармасып сыртқа шығып жатыр. Бәрі үйден қашып шығып жым-жылас болды. Жалғыз өзім жайғасып, асықпай ет жел отырмын. Анда-санда өкіріп қоямын. Етке әбден тойып алып сыртқа шықсам, жан баласы жоқ. Болмаған соң «Әй, қоян жүрек қорқақтар! Мен ойнадым. Бері келіңдер. Мен сауымн. Тамақтарыңды жеңдер!» деп айқайладым. «Жоқ, сен бізді алдап тұрсың. Сен құтырғаның қайда, әкендер!» - деп дауыстады олар. Оқтаумен атпаса, ауылда мылтықтың жоқ екенін білемін ғой. Өзімнің сау екеніме әрең сендірдім ғой мына қорқақтарды, - деп құрдасым мәз болды.

«Ее, бұл сау күнінде де жынды еді ғой. Ит қапқан сиыр етін жеген соң не сор. Шынымен қорықтық бәледен. Көзі алайып айналып кеткен. Жалмауызға да жан көрек екен.

«Мына қара доңыз есікке кептеліп шыға алмай жатыр. Бір етігі қолында. Басқаларды басып жаншып барады.

«Мен әдейі есікті керіп шықпай тұрдым ғой. Артым-

дағылар әбден қорықсын деп.

«Осынша денеңмен сен қорыққан соң бізге не жорық. Кәйтсек жанымыз аман қалады дедік емес пе?!

«Мынаның жаны тәттірек екен, көк көзі қорқыныштан айналып кеткен бе екі көзі аппақ болып, тышқан іні болса да кіріп кетуге даяр жүр, - деп жастар бір-бірін қағытып, риясыз күлкі жалғаса берді.

Бірін-бірі қажап, рахаттана күліп, шайға жайғаса бастадық. Далада көңілді ортада отырып шай іштік.

«Ал, енді осыған разы бол. Сыбағанды ендігі келгенде жерсің. Тамағың ісіп қалатын балалы әйел емессің ғой.

«Рақмет, мына әңгімелерің еттен де артық болды. Жүрген жерімде бұл ауылда қаншама батыр бар деп мақтап жүремің енді.

«Әй, әй, қой, жария қыла

көрме! Мазакқа қалармыз.

Жел басылып, киіз үйлер тігіліп, ауылдың сәні кіріп қалды. Түс қайта ауылға қайтуға қамдана бастадым. Үлкендермен қоштасып, ауылды аралып атыма қарай жүріп келемін. Ойыма тарғыл төбет түсе кетті. Осы ауылға келген сайын алдымнан абалап үріп шығып жүргізбейтін. «Ол бәле қайда жүр екен?» деп жан-жағымна алақтап қарап жылдамдатып жүріп келемін. Бір тобылғы үстінде жатқан киіздің тұсынан өте бергенімде, сол жағымнан арс етіп тарғыл төбет шыға келді. Жасқана көтерген білегімді қаба асап алды. Өзі де дәу неме екен. Тұрған кезде менімен бірдей. Оң қолыммен иттің алқымынан алып, мықтап ұстап алдым да шалып жықтым. Шалқасынан түсіріп, үстіне шөкелей отырып алдым. Иттің тісі қатты батып қолым қанай бастады. Алқымынан қыса түстім. Дем жетпей жан таласып артқы екі аяғымен тырмалап шекпенімді жыртып. Біраздан соң Тарғыл төбет әлсірей бастады. Азуын ашып қолымды босатты. Қан саулап ағып, ауыруы жанымна батып барады. Менің де қолым қарысып қалыпты иттің алқымынан әрең ажыратып алдым. Денем де ұйып қалыпты, орнымнан теңселе тұрдым. Суға жетіп қолымды жуып отырғанда қылжақбастар да жетті.

«Амансың ба? Қабаған ит еді. Сау қалыпсың, өмірің ұзақ болады екен.

«Әй, Дәке-ай, сен тыныш жүрсің деп қос қызымызды берсек те болмады ғой. Енді итімізге қол салдың ба? Сенен қалай құтыламыз. Керегіңді айтшы тауып берейік, - деп әзілмен айыптарын жуып-шайып жатыр.

Жаралы қолымды таңып алып, үйге зорға жеттім. Емдом жасап жүрдім. Оңайлықпен жазылмады, ұзақ азаптады. Кейін сол ауылға қайта бардым. Мені көрген тарғыл төбет безе қашып жоламай жүрді.

Сейтжан ДӘНЕҰЛЫ.
(Жалғасы бар).

Сыбайлас жемқорлыққа ЖОЛ ЖОҚ

Сіздерге білім және ғылым саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жай-күйін зерделеу нәтижесі бойынша бейнеролик көрсетілді. Сондай-ақ, сіздердің назарларыңызға зерделеу қорытындылары бойынша жасалған анықтама ұсынылды.

Сонымен қатар, егжей-тегжейлі қарау мен талқылауды талап ететін бірқатар мәселелер бар. Біз жасаған талдау жұмыстары Білім және ғылым министрлігі оның аумақтық басқармаларымен, қызық қорғау органдарымен, әкімдік жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссиялармен және партия филиалдары жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестермен бірлесіп өткізетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат шеңберінде жүйелі шаралар қабылдау қажеттілігін көрсетеді.

Бұл кешенді іс-шаралардың өз ішінде кемшіліктері мен проблемалары бар. Сондықтан, министрлікпен және басқармалармен жергілікті жерлерде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар әлі де қажетті нәтиже бермеді. Электронды Үкімет пен кәсіби, стратегиялық мемлекеттік аппараттың құрылуы да бұл саладағы бақылау жұмыстарына оң септігін тигізуде. «Ендігі саты – инновациялық мемлекеттік аппаратқа көшу. Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттің ғана емес, бұл бүкіл азаматтық қоғамға ортақ мәселе екенін айтты. Сондықтан, «Нұр Отан» партиясының бұл салаға көңіл бөліп, жоғары деңгейде талқылауы қыптарлық іс.

Нүргүл СЕЙСЕНБАЕВА,

Созақ аудандық халыққа қызмет көрсету бөлім маманы.

Сенім телефоны

«Созақ ауданының, Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде +7(72546) 47-32 сенім телефонына хабарласуға болатындығын ескертеді.

«Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

Жарамсыз деп танылсын

Хасенов Асет Батырхановичтің иелігіндегі «Toyota Camry» маркалы автокөлігінің (мемлекеттік тіркеу белгісі: KZ 101 DZA/17) техникалық төлқұжаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Түсіпбеков Сейдуалы Тұрарұлының атына берілген көлік жүргізу куәлігі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Түсіпбеков Дархан Сейдуалыевичтің иелігіндегі «Жигули» маркалы автокөлігінің (мемлекеттік тіркеу белгісі: KZ 985 QEB/13) техникалық төлқұжаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Н.Төреқұлов атындағы ІТ лицейінің ұжымы осы мектептің директорының бастауыш сынып жөніндегі орынбасары Бекпенбетов Жарқынбекке інісі

Қуаныштың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Аудандық мәслихат аппараты аудандық мәслихаттың депутаты, «Созақ үні» газетінің аға тілшісі Нұржамал Майусоваға анасы

Анардың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Аудандық «Созақ үні» газеті ЖШС редакциясының ұжымы осы мекеменің аға тілшісі Нұржамал Майусоваға анасы

Анардың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Аудандық «Созақ үні» газеті ЖШС редакциясының ұжымы осы мекеменің дизайнері Асхан Бақтыбаевқа нағашысы

Дәуленбаев Нұрланның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Хабарландыру

«KAZ Design & Development Group LTD» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 57-2 бабына сәйкес 2022 жылғы 4 наурызында 11 сағ 00 мин.Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тайқоңыр кенті мекенжайы бойынша мәдениет үйінің ғимаратында «Түркістан облысы Созақ ауданында «Батыс Мыңқұдық» кенішінің 2022-24 жылдарға арналған геотехнологиялық полигонының объектілерін салу (салу) жұмыс жобасының «қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында [esportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru), сондай-ақ office@kazddg.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО сайтында ұсынылады: <https://zoom.us/j/6165408596?pwd=alo0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>. конференция идентификаторы: 6165408596, кіру коды: 123456.

Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады +77026616646, amirzhan.dinara@gmail.com.

Объявление

ТОО «KAZ Design&DevelopmentGroup LTD», в соответствии с требованиями ст. 57-2 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 час 00 мин. 4 марта 2022 года по адресу Туркестанская область, Созакский район, п.Тайкоңыр, в здании дома культуры состоится общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Оценка воздействия на окружающую среду» к Рабочему проекту «Строительство (сооружение) объектов геотехнологического полигона на 2022-24 г. рудника «ЗападныйМынкудук» ТОО «АППАК» в Созакском районе Туркестанской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте МИО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале [esportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru), а также по e-mail: office@kazddg.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале и на сайте МИО <https://zoom.us/j/6165408596?pwd=alo0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Идентификаторы конференции: 6165408596, Код доступа: 123456.

Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам +77026616646, amirzhan.dinara@gmail.com.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының зейнетақы жинақтары 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 13,1 триллион теңгеге жетті. Бұл сома зейнетақы жарналары мен инвестициялық табысты қамтиды.

Зейнетақы жинақтарының едәуір өсуі 2021 жылдың 1 қаңтары мен 2022 жылдың

инвестициялық кірістілік өсу қорытындысымен – 681,13%, ал инфляция 546,77% болды. Осылайша, жинақтаушы зейнетақы жүйесі қолданысқа енген кезден бастап 2022 жылдың 1 қаңтарына дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің нақты кірістілігі 134,36%.

Айта кету керек, зейнетақы жинақтары – бұл ұзақ

Ұлттық Банктің басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілік 11% асты

1 қаңтары аралығында 1,4 трлн теңгеден асқан таза инвестициялық табыстың арқасында қамтамасыз етілді, бұл былтырғы көрсеткіштен 138,2 млрд теңгеге немесе 11% артық. Қазақстан Ұлттық Банкінің басқаруымен БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілік жыл басынан бері 11,13%, ал инфляция 8,4% құрады.

Естеріңізге сала кетейік, инвестициялық табыстың құрамына бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістер, қаржы құралдарын нарықтық қайта бағалау түріндегі кірістер, валюталық қайта бағалау түріндегі кірістер, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер және т. б. кіреді.

Жалпы, барлық зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға біріктірілген сәттен бастап Ұлттық банк қамтамасыз еткен инвестициялық табыс 6,04 трлн теңгеге жетті. Бұл ретте 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесінің құрылған күнінен бастап (1998 жыл)

мерзімді инвестициялар, әрі инвестициялық табыстың мөлшерін кемінде 1 (бір) жыл кезеңінде талдау орынды. Қысқа мерзімді деректер (апта сайынғы, ай сайынғы және т.б.) – айқын нәтиже көрсетпейді, өйткені, ол нарықтың құбылмалы өзгерістеріне тәуелді.

Инвестициялық басқарудың және зейнетақы активтерін есепке алудың барлық жүйесі ашық болып табылады: әрбір салымшының өзінің инвестициялық табысын [eprf.kz](https://www.eprf.kz) сайтындағы немесе мобильді қосымшадағы жеке кабинеттен көруге мүмкіндігі бар. Айта кетейік, зейнетақы активтерін қайта бағалау апта сайын және айдың соңғы күні жүргізіледі.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөнінде және БЖЗҚ зейнетақы активтері орналасатырылған қаржы құралдары туралы ақпарат БЖЗҚ ресми сайтындағы (www.eprf.kz) «Көрсеткіштер»/«Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Өрт шыққан жағдайда алғашқы іс әрекеттер

Егер қайғылы оқиға орын алса, осы төтенше жағдайда келесі іс-қимылдарды білу және жасау қажет. Өрт болған жағдайда, оны бірінші көрген адам болған жағдай туралы 101 телефонына хабарлау керек. Міндетті түрде өрт болған жердің және мекен-жайын дәріс айту, хабарласушы фамилиясын атау, тез арада көршілерге хабарлау қажет. (түнгі уақытта оларды міндетті түрде ояту керек). Осыдан соң қолда бар құралдармен (өрт сөндіргішпен, сумен) өртті сөндіруге кірісу керек. Бірақ ең алдымен, әрине адамдарды тез арада қауіпсіз жерге ауыстыру қажет. Ал өрт сөндірушілер келген кезде оларға төтенше жағдайды ауыздықтау шараларын жүргізуге кедергі келтірмеу керек. Соңғылардың жұмысын өрт болған жерге жолдың ашық болуы және үйдің номер белгілерінің жақсы көрінуі тездетеді және жеңілдетеді. Ең бастысы үрейге бой алдырмау қажет.

С.СЕЙДАХМЕТОВ,
Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің бастығы м.у.а азаматтық қорғау лейтенанты.

(Соңы.
Басы өткен санды).

Өмір бойы күту! Не деген бейшаралық. Мектеп қабырғасында жүргенде балалық өмірден өтіп жеткен шақтың гүлзар дүниесіне енгенде өзінің бақытты жан болатынына тым сенімді еді. Өмір деген махаббат, өмір деген жоғарғы орнына түсу, студент атану, оқып жүріп сүйгеніне кезігу сияқты арман қанатты сәттердің боларына кәміл сенімді еді. Әрі сол кәміл сенім оны бақытты етіп көрсететін. Алайда маңдайдағы тағдырдың сызып берген жолы, алақанына тайға таңба басып бергендей өмір жолағы өз дегенімен жүргізеді екен.

Ақторғын соны ұқты. Қайда сол арман? Қай жаққа ауып кетті сол үміт? Өзі сүймеген, ұнатпаған жанмен бар ғұмырын өткізу, өзі қаламаған жаннан ұрпақ сую неткен әділетсіздік. Ақторғын тұн баласы Жұмабектің жанында жатқанда тек Сапарды ойлаумен болады. «Сапар құшты», «Сапар сүйді», «Сапар...» деген ойлар бар санасында да, бар сезімін жаулады. Тіпті Жұмабек оқыс қимылдаса да «Сапар ақырын?» деген сөз аузынан еріксіз шығып кеткен сәттер де болды. Студенттік жылдары соңынан қаншама жігіттер жүгірді. Бірін де қабыл көрмеді, мінезі мен сырын бермеді. Ол арман өткен жігіт бір күні кез боларына бек үмітті еді...

...Сапар да сан сауалға бөгіп отыр еді. Өмір соқпағында не көрмеді? Өгей шешенің таяғы, Ауғанстан, жұмыссыздық, ішкілік, ала дорбалы тіршілік сияқты жеті ағайынды «жұттардан» да өтті. Қиындықты жеңе білді. Жарықтық атасы «Көресіні көрмей көрге кіру жоқ» дегенді жиі айтатын. Көресің деген-өмірдің Мұқағали айтпақшы күресі мен күресіні екен ғой. Аталары, әкесі мен анасы, аяулы әжесі ылғи Сапарға қолдаушы болды. Қайсібір жылдары жолы болмай, жанына тірек іздеп жайнамазға жығылып, жұма сайын мешіт жағалап, жүрген сәттерде көп-көрім өмірге үмітті еді. Кейін... өзін—өзі толық ұстай алмай, сабырына салқын түсіріп, оңашалап ішкілік ішуді шығарды. Айман Сапарға ләм-лим деп тіл қатпады. «Бала емес, бақырдай еркек қой. Білгені болсын. Қояр» деген ойды берік бекініп, қолын қақпады. Үш күнде Сапардың құр сұлдері қалды. Шошып оянды. Ақ тер, көк тер болып жатыр



АҚТОРҒЫН

екен. Таңертең сергек тұрып қу пәлені тастап, сол күйі алаңсыз бергі өмірге қайта келді. Енді, міне, тағы да әрі-сәрі күй кешіп отырысы мынау. Жай желік, нәйетсіз нәпсіқұмарлық, жеңілтек желөкпелік деуге келмес. Бірақ та Сапарды Ақторғын қайта өмірге әкелгендей, қайта жасартқандай, бал дәурен жастығымен қайта қауыштырғандай болды. Айман екеуінің өмірге әкеліп, бағып-қағып өсірген орталарындағы арқа сүйер ұл-қыздары да ақылды болып есейді.

-Әке соңғы кездері қатты қиналып жүрсің ғой. Денсаулығыңыз дұрыс па? Мүмкін дәрігерге қараларсыз? Өзім де сізбен бірге барайын,- деді үлкен ұлы.

-Жоқ, ұлым бәрі жақсы. Менікі жұмыстан шаршағандық болар.

-Жақсы әке. -Әке айтпақшы келіңіздің босанатын, өмірге перзент әкелетін күні жақын қалды. Кеше дәрігерге көрінуге барған екен «қыз бала!» депті.

-Есімін анаммен ақылдасыңыз, екеуіңіз қоясыздар. -Ойланңыздар!-деді.

Сапар тұңғыш немересінің өмір есігін ашқалы тұрғанын есітіп, орнынан бір тұрып, қайта отырды. Дастархан үстінде екеуден екеу ғана қалды. Бірі оқуына, бірі жұмысына, бірі дүкенге дегендей.

-Айтқандай Айман есіттің бе?! Жақында немерелі боламыз. Қызымыз болады. Әлгінде дастархан басында айтқым келген. Келін ыңғайсыздана ма дедім.

-Сапар! Неткен керемет жаңалық! Иә шет жағасын білемін. Алайда қыз екенін енді есіттім. Құдайға тәубе, шүкір-шүкір!-деп Айман әдеттегі басты ырымы жеті шөлпегін пісіруге асықты.

-Айман, менің айтатын дегенім. Немеремізге есім керек. Кім деп қоясың? Сенің таңдауыңа келісер едім,-деді қуана күлімсіреген Сапар. -Сапар сен соңғы кезде қатты қиналып жүрсің Сұрасам бәрі жақсы дейсің. Әсіресе келін жүкті болғалы, тұн баласы дөңбекшіп күбірлеп шығасың. Білемін жаның қиналса солай болатынын. Соңғы кезде түнімен «Ақторғын!», «Ақторғын» деп қыз бала есімін айтумен боласың. Мен сәбиге көрінген жақсылық болар деп жорыдым,-деді. Мүмкін кішкентай немереміздің есімін Ақторғын қоярмыз. Сапардың өңі бозарып, қуарып не айтарын білмей аз-кем тұрып:-Иә тамаша есім! Келісемін! Неткен әдемі есім!-деген Сапардың көзіне еріксіз жас келгендей болды.

Сапардың Айманға деген шексіз құрметі су бұрқақтай кеудесінен

атқылай аспанға шапшыды.

Иә, әйел жүрегі деген құпиясы терең, ұғымы шетсіз әлем ғой! Сапардың көзімен Айман бар нәрседен бейхабар болып көрінгенімен бәрінен де хабардар еді. Алайда Сапарды, оның жан дүниесін жақсы білетін Айман, оған баяғы әдетінше еш тосқауыл болғысы келмеген еді. Өйткені өмірдің өзі махаббат деген ғажайып сезімнен тұратынын Айман жақсы түсінетін. Ол Сапарға деген махаббаты еді...

Ақторғынға арнап қаншама жыр, үзік сырлар мен естеліктер жазылды. Жазылды, жазылды, жазылды. Бірақ жазылмады...

*Қамықпағын Ақторғын қамықпағын,
Жанарыңа жас шылап жабықпағын.
Көгершінім кептірші қанатыңды,
Көгімнен көргім келед қалықтауың.*

*Қайта айтамын тағы да қамықпағын,
Ұшақта мұң, жазықта мұң,
Тіршілік пен тозақтың шаңын қағып,
Тамшылайды кеудеме тамұқтан жыр.*

*Сен жылайсың, ол жылар кім қалады?
Қалай десем көңілім жұбанады.*

*Ай мен күннің тоғыспас халін ұққан,
Кеудедегі бұл жүрек мұзданады.*

*Тұяғы бүтін кімің бар,
түгелдейсің,
Ажалменен ауыз жалас түндер бейім.
Түңлігіңді серпиін ала таңнан,
Жырымменен жаныңды кел емдейін.*

*Сан рет қайталадым есіміңді,
Қақтым қанша қиялмен есігіңді.
Есіміңе лайықты еңсе көтер,
Желге ұшыр жел өкпе «жесір үнді».*

*Арман өткен Ақторғын, ақ періште,
Беліңе орар күн тусын бесігіңді!*

*Құба жоннан көргім келді бейнеңді шын,
Құбылаға бет түзедім мінажат қып.
Қайта айналып соғардай бала күнім,
Қайыры жоқ заманды қанағат құт.*

*Уақыт, кешір алсаң кешір мені,
Аяқ асты өттім рас несібені.*

*Айырмасы жасымыз ала төбет,
Балағымнан тістелеп өшігеді.*

*Қайран уақыт сенде қандай кінәрат бар,
Күндерім кештеу жеткен кешіреді.
Үмітім кері заманның бұрымындай.
Бұрыштан ұзай алмай кесіледі.*

*Түңлігін аша алмай ақ боз үйдің.
Жұмбағым босағанда шешіледі,-деген жыр жолдары жазылған кітаптың ашылған ақ парақтарын долы жел жұлмалап жатты...*

Сапар осылайша ақ боран дауылға, долы желге Ақторғын есімін қоса бір жолата ұшырды. Отбасын сақтап, бүлдіршін балаларының бақыты үшін барын тиды, бақытын қиды. Өйткені ол қазақ халқының атам заманнан қанымен келген дәстүрін, салтын, әдеп-ғұрпын, тұрмысы мен тұқиянына қарсы тұра алмады. Сапар сонымен де қазақ шығар. Арада аз ғана уақыт өткен соң өмірге Ақторғын деген сәби келді.

...Иә, сол күні отбасы, ағайын-туыс, құда-жекжат түгел қуанды. Бірақ, ерекше бір адам-Сапардың қуанышында шек болмады.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Директор:
Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

**Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ**

**Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай**

Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.